

- 21 Syrymbetova L. S. Metodologiya patrioticheskogo vospitaniya shkolnikov na osnove tsennostey «Mangilik yel». [Methodology of schoolchildren's patriotic education based on the values of "Mangilik El"]. // Patriotic education of schoolchildren based on the values of "Mangilik El": Monograph.– Nur-Sultan: Natsionalnaya akademiya obrazovaniya im. I. Altynsarina, 2020. – P. 19-31. [in Russian].
- 22 Golubeva I., Wagner M., Yakimowski M. E. Comparing students' perceptions of global citizenship in Hungary and the USA. // From principles to practice in education for intercultural citizenship. – Bristol: Multilingual Matters, 2017. – P. 3-21.
- 23 Intercultural Citizenship Test. Building Bridges, Breaking Walls. – Council of Europe, 2017. – 21 p.
- 24 Morais D. B., Ogden A. C. Initial development and validation of the global citizenship Scale// Journal of Studies in International Education. – 2011. – № 15 (5). –P. 445–466.

Received: 27.07.2024

FTAMP 16.01.45

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss3pp229-238](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss3pp229-238)

**Т.Н. Ермакова<sup>1</sup>, Б.С. Қапалбек<sup>2</sup>, Д.Ж. Рысқұлбек<sup>1</sup>, С.А. Оданова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, 050000, Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>Мемлекеттік тілді дамыту институты, Алматы, 050000, Қазақстан Республикасы

<sup>3</sup>Қ. Сатпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Алматы, 050000, Қазақстан Республикасы

### **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Мақалада Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарындағы (ЖОО) мемлекеттік тілді оқытылу жайы айтылады. Жоғары оқу орындары – еліміздегі кәсіби маман даярлаудың, мемлекеттік тіл саясатының басты нысандарының бірі – қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамыту орталығы. Авторлар осы саладағы проблемаларды айқындау үшін еліміздегі ұлттық университеттер мен аймақтық университет ұстаздары мен студенттерін қамтыған сауалнама жүргізіп, нәтижелерін сараптады. Сауалнамаға 16 университеттен 122 респондент қатысты. Респонденттердің жауаптары бойынша сандық талдау жасалынып, сараптама нәтижесі арқылы негізгі мәселелер айқындалды. Мәселелерді айқындауда отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлері мен ұстанымдары негізге алынды. ЖОО-да мемлекеттік тілдің оқытылу жайы, білім бағдарламаларында қазақ тіліне қатысты пәндердің енгізілуі, талапкер мен түлектің мемлекеттік тілді білу деңгейі, т.б. түйіткілді проблемалардың себептері анықталып, оны шешудің жолдары ұсынылды. Осылайша жоғары оқу орындарындағы мемлекеттік тілді оқытудағы маңызды мәселелер және оны жетілдіру мақсатында бірқатар ұсыныстар жасалды.*

*Кілт сөздер: қазақ тілі, мемлекеттік тіл, білім бағдарламалары, кәсіби қазақ тілі, академиялық қазақ тілі, тілді оқыту ұстанымдары.*

### **НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

Тіл мәселесі – қоғамдағы ең маңызды да күрделі мәселе. Беріден айтсақ, ел егемендігін алғалы бері қоғамда тіл мәселесі күн тәртібінен түскен емес, арнайы білім беретін мектеп, колледж, жоғары оқу орындарын айтпағанда, ресми, бейресми орындар мен тіл үйрету курстары ашылып, қаншама кандидаттық, докторлық, PhD диссертациялар қорғалып, монографиялар мен оқу құралдары жарық көріп, қоғам қажеттілігін өтеуге қызмет етуде. Тілді

оқытуды түрлі аспектіде қарастырып жүрген Ф.Оразбаева, З. Бейсембаева, Т. Аяпова, З. Күзекова, Қ. Қадашева, З. Ерназарова, Ж. Дәулетбекова, Н. Құрманова, Ж. Балтабаева, Р. Шаханова, Т. Әбдікәрімова, К. Жақсылықова, Ә. Құрышжан, Ж. Сүлейменова, А. Сатбекова, Р. Рахметова, Ш. Құрманбаева, И. Кубаева, Б. Доскеева сынды әдіскер ғалымдарымыз мен қазақ тілін үйрету жолында өзіндік әдістерін ұсынып жүрген Қ. Тасибеков, Т. Валяева сияқты практик мамандарымыздың осы саладағы үлесі зор. Тіл үйретудің дәстүрлі әдістерімен бірге, грамматикасыз оқыту (Ә. Жүнісбек), ситуативті оқыту (Қ. Тасибеков), полиглот Д.Петровтың «Қазақ тілі» (16 сабақ); ең оңай Ш жақ (Т. Еркекова), бренд арқылы оқыту (Л. Ибраимова, Т. Еркекова, Ж. Сүлейменова, Б.Молдағали, Д. Рысқұлбек, Г. Сакиева) т.т. сияқты авторлық жұмыстар да бар. Десе де қазақ тілін үйретудегі түйткілді мәселелер толық шешімін тапты деп айтуға әлі ерте. Жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілді оқыту ұлттық бірегейлік пен сапалы кәсіби маман даярлаудағы маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Тіл үйретудегі басты мәселе маман даярлау ісімен байланысты болғандықтан, бұл мақаланы даярлау барысында жоғары оқу орындарында қазақ тілінің оқытылу жайын зерделеу үшін 2023 жылдың 19 желтоқсанында «Жоғары оқу орындарындағы орыс тобында қазақ тілін оқыту» атты семинар-кеңес өткізіп, түрлі оқу орнында оқитын студенттер мен оларға сабақ беретін ұстаздар арасында 122 респондент қатысқан сауалнама алынды.

## КІРІСПЕ

«Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз», – деп [1] ғасыр ғұламасы А. Байтұрсынұлы айтқандай, мемлекеттік тілді оқыту ісінің бастапқы жүйесі бастауыш кезеңнен дұрыс қалануы керек. Бастауыш деңгейде дұрыс қаланбаған, өзге тілдің тасасында берілген тілдік білімнің олқылығын жөндеу – тіл мамандарынан жауапкершілік пен мол ізденісті талап етеді. Қазіргі Қазақстан жағдайында жоғары оқу орнына оқитын білімгерлеріміздің тілдік құзыреті әртүрлі. Атап айтсақ: қазақ тілділер, орыс тілділер, қазақ, орыс тілін қатар меңгергендер, қазақ-орыс-ағылшын үш тілді білетіндер және т.б. Бұл мәселе де мемлекеттік тілді оқытуда бірқатар мәселені ескеру қажеттігін көрсетеді.

Соңғы кездері қазақ тілін оқытып үйрету мәселесі жаңа бір белеске көтерілді. Қазақ тілін өзгетілді аудиторияда оқытуда студенттердің қазақша дұрыс сөйлеуге, оқуға, сауатты жазуға, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға үйрету, ойлау қабілетін дамыту, ойын қазақша жеткізе алатындай болуы қоғам қажет ететін, уақыт пен заман талап ететін әлеуметтік факторлардың жиынтығына негізделетін лингвистикалық әрі жалпы танымдық проблема болып саналды.

Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне үйрету мәселесімен айналысып жүрген ұстаз, тілші маман, ғалымдар ұсынған өнімдермен бірге мемлекеттік бағдарламалар аясында жарық көрген, жергілікті тіл үйрету курстары жемісті қолданып жүрген оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК) мен құралдарды да атап өткен жөн (тіл үйрену деңгейлеріне (A1, A2, B1, B2, C1) арналған «Типтік ОӘК» (мемлекеттік стандарт, оқулық, лексикалық минимум, грамматикалық анықтағыш, электрондық қамтамасыз ету бағдарламасы); «Тілдарын» ОӘК; Қарағанды облыстық Тілдерді дамыту басқармасының тапсырысымен әзірленген «Сарыарқа-2» ОӘК; қазақ тілінің белсенді лексика-грамматикалық минимумын қамтыған (137, 500, 900, 1200, 1500 сөз) «Қазақ сөзі» әдістемелік кешені, түрлі мультимедиялық қосымшалар, т.т.). Олардың әрқайсысы өз мақсатына сәйкес еліміздегі мемлекеттік тілді оқыту саласының дамып, жетілуіне үлес қосты. Қазіргі заман талабы жоғары оқу орындарында оқитын басқа ұлт өкілдеріне, яғни орыстілді аудиторияға білім беретін оқытушылардың алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Осы міндеттерді орындау үшін қазақ тілін оқыту мәселесін әр қырынан зерттеу,

оның тиімді әдіс-тәсілдерін анықтау заман талабына сай өзекті болып отыр. Себебі қазақстандық жоғары оқу орындарында «Қазақ тілі» пәні (және «Кәсіби қазақ тілі») екінші тіл ретінде тек орыс аудиториясында оқытылады (қазақ аудиториясына филологтардан басқа білім бағдарламаларына «Қазақ тілі» дербес пән ретінде енгізілмеген). Сондықтан бұл зерттеуде еліміздің жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытудың қолданыстағы жүйесіне талдау жасау, негізгі проблемаларды айқындау мақсаты көзделді. Аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер айқындалды:

- еліміздегі жоғары оқу орындары (ЖОО) білім бағдарламаларында қазақ тіліне қатысты қандай пәндер оқытылатынын анықтау;
- ЖОО-на қабылдауда мемлекеттік тілді білу деңгейін анықтау;
- ЖОО-н бітіруші түлектің мемлекеттік тілді білу деңгейін анықтау;
- ЖООКББ (жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру)-да мемлекеттік тілге қатысты пәннің қажеттілік деңгейін анықтау.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Өзгетілді азаматтарға қазақ тілі балабақшадан бастап үйретіле бастайтыны белгілі. Ары қарай мектепте 1-сыныптан 11-сыныпқа дейін үзіліссіз, топшаларға бөлініп, аптасына 4 сағатпен оқытылады. Алайда ЖОО-ға келген талапкердің тілдік деңгейі осыншама жылдық білімді көрсете ала ма? Жоғары оқу орнына түскен студенттің мемлекеттік тілді білу көрсеткіші қай деңгейде болуы тиіс? «Балабақшаны, 11 жыл мектепті, 4-5 жыл университеттік білім беру жүйесінің тек бірінші курсына «Қазақ тілін» қосқанда барлығы 15 жыл үздіксіз оқытады екенбіз. Бірақ түлектердің мемлекеттік тілді өз дәрежесінде білмей шығуының себебі неде? Бірнеше жүздеген тиражбен жарық көріп жатқан оқулықтар мен оқу құралдары, түрлі интернет ресурстар мен мультимедиялық бағдарламалар, екі тілді, үш тілдік сөздіктер бола тұра, мемлекеттік қызметкерлер түрлі курстарды оқып, сертификат иеленіп жатқанымен, түпкілікті нәтиженің көңіл көншітпеуіне не себеп? Оның субъективті, объективті себептері бар дегенімізбен, осынау мемлекеттік маңызы бар мәселені жүзеге асыруда сала мамандарын ойландыратын мәселелер жеткілікті. Басты кемшілік балабақша-мектеп-ЖОО бағдарламалары арасында сабақтастықтың жоқтығы айқын аңғарылады» [2]. Білім беру деңгейлерінің арасында сабақтастықтың болмауы, әр жоғары оқу орындарындағы білім бағдарламаларына енгізілген тілдік пәндер мен деңгей бойынша топтастырудың әркелкілігі жоғары оқу орындарының мемлекеттік тілдің оқыту сапасына тікелей әсер етеді. Бұл мәселе зерттеу гипотезасы болып саналады.

Зерттеу екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезең. Теориялық талдау кезеңі. Қазақстан мен Германия, Түркия, Жапония сияқты монотілді елдердегі тілдік саясат, жоғары оқу орындарында тілді оқыту мәселелері зерделенді.

Екінші кезең. Тәжірибелік кезең. Зерттеу жұмысының өзекті мәселелерін анықтау мақсатында анықтаушы эксперимент жүргізуде сауалнама әдісі қолданылды. Сауалнама түрлі оқу орнында оқитын студенттер мен оларға сабақ беретін ұстаздар арасында жүргізілді. Алынған нәтижелерді тұжырымдауда, мәліметтерді өңдеуде талдау, салыстыру, сандық талдау әдістері қолданылды.


Сауалнамаға Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Назарбаев университеті, Қазақ-Американ университеті, Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Ә.Марғұлан университеті, Абай атындағы ҚазҰПУ, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, ОҚМПУ, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Астана медицина университеті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Халықаралық бизнес университеті, Сулейман Демирел университеті, Қазақ-Британ техникалық университеті оқытушылары мен студенттері қатысты. Респонденттердің жас аралығы 18-63 жасты құрайды:

- 17-19 жас – 29,5 %;
- 20-25 жас- 16,4 %;
- 26-43 жас – 0,9 %;
- 44-50 жас – 0,8 %;
- 51-56 жас – 0,6 %;
- 57-63 жас – 0,8 %.

## НӘТИЖЕЛЕР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың I отырысында сөйлеген сөзінде: «Ғылым, оқу-ағарту жүйесінде маңызды өзгерістер, тіпті ауқымды реформалар керек. Қазақ тілі ғылымның, техниканың, бизнестің тілі болуына үлес қосайық», – деген еді [3]. Ғылыми кадр, кәсіби маман даярлау – бірінші кезекте жоғары оқу орындарының міндеті. Елімізде ЖОО-ға түсу, қызметке тұру, қызметтік өсу жағдайында мемлекеттік тілді білуге қойылатын талап біркелкі емес. Қоғамда әлі де ағылшын тілін, орыс тілін білетін маманға сұраныс жоғары. Десе де, соңғы жылдары қазақ тілін білуге деген сұраныс болса, бұл аталғандардың біріне де көңіл аударылмай, өз бетінше ізденіп үйренер еді. Аталған мәселелерді тереңірек зерттеу мақсатында қазақстандық ЖОО-лар арасында сауалнама жүргізілді.

Сауалнаманың алғашқы сұрағы қазақстандық ЖОО-да қазақ тіліне қатысты қандай пәндердің оқытылатынын анықтау мақсатында берілді (Сурет 1).




Ақп

Сурет 1. ЖОО-да қазақ тіліне қатысты оқытылатын пәндер

Міндетті пән ретінде оқытылатын «Қазақ тілі» пәнінен басқа «Кәсіби қазақ тілі» пәнінің пайыздық көрсеткіші – 33,6 %, «Академиялық жазылым» – 29,5 %, «Академиялық қазақ тілі» – 27,9 % екендігі анықталды.

Аталған пәндердің қандай аудиторияда, қай курста жүргізілетінін келесі диаграммада берілді (Сурет 2).




Сурет 2. ЖОО-да оқытылатын қазақ тіліне қатысты пәндердің қазақ, орыс, ағылшын топтарында оқытылу көрсеткіші

Келесі сұрақ қазақ тілін ЖОО-да қандай деңгейден бастап оқыту керектігін анықтауға арналды. Студенттердің басым бөлігі (жалпы респонденттердің 32,8 %-і, ал студенттердің 85 %-і) А1 деңгейден бастауды дұрыс деп көрсеткен (Сурет 3). Мұның себебі студенттердің болашақта қазақ тілді мамандарға сұраныс аз деген стереотиптен және мейлінше оқу бағдарламасының күрделі емес, жеңіл болғандығын қалағаннан болса керек.

ЖОО-да қазақ тілін қай деңгейден бастап оқытқан дұрыс?

122 ответа




Сурет 3. ЖОО-да қазақ тілін оқытуды бастаудың деңгейін анықтау

ЖОО-ны аяқтаған студент мемлекеттік тілді С1 деңгейінде білуі тиіс деп санайтын респонденттердің жауабы 68%-ті құрады (Сурет 4).

ЖОО бітірген студент қазақ тілін қай деңгеймен аяқтауы тиіс деп ойлайсыз?

122 ответа



Сурет 4. ЖОО-н бітірген студенттің қазақ тілін білу дәрежесі

«Магистратура, докторантураның орыс бөліміне «Академиялық қазақ тілі» пәнін енгізген дұрыс деп санайсыз ба?» деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі «иә» деп жауап берген.

Ұсыныстар:

- Қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру үшін жоғары оқу орындарында «Қазақ тілі» тек орыс топтарында ғана емес, кейбір жоғары оқу орындары тәжірибесіне сүйене отырып, қазақ топтарына арналған білім бағдарламаларына қазақ филологиясынан басқасына бакалавриатта «Кәсіби қазақ тілі», магистратура, докторантурада «Академиялық қазақ тілі» пәндері енгізілгені жөн.

- Талапкерді ЖОО-ға В1 деңгейлі сертификатпен қабылдау, түлекті С1 деңгейге жеткізу;

- Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыратын әдістемені жетілдіру, тиімді оқыту түрлерін дамыту.

## ТАЛҚЫЛАУ

Елімізде қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесі болғанына қарамастан, орыс тілінің доминант сипатқа ие болуының басты себебі саяси және қоғамдық-әлеуметтік факторға

байланысты. Қазақстанның 70 жыл бойы Ресей империясының құрамында болуы сол кезеңде білім алған азаматтарымыздың елдегі қазіргі тілдік жағдаяттың қалыптасуына ықпал етіп отырғаны жасырын емес. Бұл билік элитасына ғана емес, қоғамның барлық саласына, әсіресе білім беру жүйесіне де әсер етіп отыр. Жалпы ғылыми қауымдастықта әлемдегі тілдердің үстемдігі деген ұғым бар. Поляк ғалымы Zbyszko Melosik ғылымдағы үстемдік үшін тілдердің күресі туралы мақаласында ғасырлар бойы әлемдік ғылымдағы тілдік үстемдік үшін күрес жүргенін, бастапқыда латын тілінің алдыңғы ғасырларда ғылымдағы рөлінің күштілігіне сай үстемдік құрғанын айтады. Содан кейін ол француз және неміс тілдерінің осыған қатысты маңыздылығын және олардың құлдырау себептерін білдіре келіп, қазіргі ғаламдық ғылымдағы ағылшын тілінің пайда болуынан бастап күн сайын артып келе жатқан мәртебесі арқылы, тіпті монополияға дейін үстемдік құру құбылысын талдай келе, тіл үстемдік етуі үшін оның сөз байлығы басты орында емес, ғылым, өркениет, діни үстемдіктің ықпалы зор екендігін айтады [4]. Германиядағы Гете институтында көрсетілген ақпараттар бойынша, курстардағы студенттер контингенті жыл сайын артып келе жатқанына қарамастан, әлемдік аренадағы неміс тілінің орны жыл сайын төмендеп бара жатқанын көрсетеді [5]. Оның себебін С. Жилюк неміс тілі жеңілген елдің тілі ретінде БҰҰ-ның ресми тілдерінің қатарында болмауымен байланыстырады [6]. Расында да, жаһандану заманы тек біздің тілдерге ғана емес, озық технология мен экономикалық жағдайы тұрақты озық еуропалық мемлекеттердің тілдік жағдаяты мен саясатына да өз салқынын тигізуде. Неміс тіліне ағылшын тілінің ықпалын зерттеушілер 1990 жылдармен салыстырғанда 2020 жылдары ағылшын тіліндегі слогандар 30 пайызға артқанын көрсетеді [5].

Тілдегі мұндай келеңсіздіктерді жоюда жоғары оқу орындары дайындайтын білім бағдарламаларының рөлі зор. Білім бағдарламасы оқытудың маңызды құралдарының бірі ретінде құзыретті маман даярлауға қажетті білім мазмұнын қамтуы тиіс. Бұл туралы Бангладеш университеттерінің ағылшын бөлімдеріндегі ағылшын тілін дамыту курстарын зерттеу барысында ғалымдар мынадай пікір айтады: «Мазмұны осы саладағы озық тәжірибеге сәйкес келетін нақты жобаланған, жақсы ұсынылған оқу бағдарламасы тиімді оқытудың міндетті шарты болып табылады. Зерттеу бұл оқу бағдарламаларының мазмұны ретсіз берілгенін көрсетті. Олар мазмұны жағынан идеалды оқу бағдарламасының критерийлерінің көпшілігіне жауап бере алмайды», – деп сынайды [7]. Ағылшын ғалымы Кристофер Дж.Паунтейн тіл үйрету, оқу, жазу, түсіну үшін 3 L-ді (Language, Linguistics and Literature) оқытудың маңыздылығына тоқталады [8]. Сондықтан жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігіне қарамастан, тілдік пәндерді оқытуға басымдық берген жөн.

Ал жоғары оқу орнына түскен студентке білім қай деңгейден бастап берілу керек деген сұраққа студенттер мен оқытушылардың жауаптары бір-біріне қарама-қарсы болды. Студенттердің басым бөлігі А1, А2, В1 деңгейінен бастап оқыту керек десе, оқытушылар В1, В2, С1- ден бастап оқытуды ұсынады. Бұл студенттердің тіл үйренуге көп күш жұмсамай, сабақтың жеңілдігін қалау туралы психологиялық қалауынан туындаған болса, оқытушылар үшін неғұрлым жоғары талап болса, мемлекеттік тіл саясатын шешуге нақты қадам деген ниетін білдіреді.

Келесі мәселе жоғары оқу орнын бітірген түлек тілді қай деңгейде біліп шығуға қатысты. Бұған қатысты респонденттердің басым бөлігінің С1 және В2 деңгейді көрсеткені көңіл қуантады. Әсіресе, білімгерлердің мұндай таңдау жасауына өткен жылдан бастап магистратура, докторантураға түсу үшін міндетті тестілеуден өтуі, мемлекеттік тілді біліктілік талаптарына сәйкес білуі қажет кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесінің жасалуы түрткі болса керек. Алдағы уақытта бұл мәселе орта білім деңгейіне де қойылуы тиіс. Елімізде мұндай мәселені көтеріп жүрген ғалымдар да бар. Олар орта білім жүйесінде қазақ тілін білу, меңгеру, қолдану деңгейін анықтайтын, жетілдірілген тәсілдер мен әдістер бойынша дайындалған шынайы бағалап, сертификаттау жүйесі осыған дейін болмағанына тоқтала келіп, еліміздің педагогика және филология ғылымында алғаш әзірленген бағалаудың квалиметриялық өлшемшарттарын ұсынады [9]. Осыған орай, ҚР азаматтары мен ҚР аумағында түрлі қызметпен айналысатын шетел азаматтарының мемлекеттік тіл – қазақ тілін

меңгеру деңгейін анықтайтын ҚАЗТЕСТ жүйесін жетілдіру үшін тілдік білімді бағалаудың халықаралық жүйелерінің, атап айтсақ, IELTS, TOEFL, TÖMER сияқты жүйелердің қағидаттары мен талаптарына негізделген, азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаудың бірүлгілік отандық жүйесін жетілдіру ісі қолға алынуы қажет.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нәтижесінде жоғары оқу орындарында қазақ тілі – мемлекеттік тілді оқыту мәселесінде түйткілді мәселелер бар екендігі айқындалды. Мектепте 11 жыл оқып, жоғары оқу орнының қазақ тобына түскен түскен студент үшін «Қазақ тілі» пәнінің есігі жабылады. Егер университеттер елімізге қажетті барлық оқу-ағарту, өнер, денсаулық сақтау, өндіріс т.т. салаларына қажетті жоғары білімді маман даярлайтын арнайы оқу орындары екенін ескерсек, қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру үшін қазақ тіліне қатысты «Кәсіби қазақ тілі», «Академиялық жазылым», «Кәсіби терминология» сияқты пәндер қазақ топтарында оқытылғаны жөн. Ал орыс, ағылшын тобында оқитын студенттер үшін 1-курстағы жалпыға міндетті «Қазақ тілі» пәні 1-курста оқытылған соң, 3-4-курстарда жоғарыда аталған қазақ тобында оқытылатын пәндер оқытылуы тиіс.

Жалпы жоғары оқу орнын бітірген түлекке қазақ тілін білу жөніндегі бірыңғай талаптың жоқтығы, бірыңғай оқулықтың болмауы, бастысы орта мектеп пен жоғары білімде оқытылатын қазақ тілі бойынша бағдарламалардың арасында сабақтастықтың болмауы сияқты мәселелер айқындалды. Аталған мәселелерді шешу үшін Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасында дұрыс көрсетілгендей: «Қазіргі кезеңде қазақ тілі ғылым тілі ретінде даму сатысында тұр. Оның негізгі себебі жаратылыстану және техникалық ғылымдардағы еңбектердің басым көпшілігі орыс тілінде болуына негізделеді, тиісінше, қазақ тіліндегі еңбектердің көбі – осы тілден аударылған еңбектер. Сондықтан қазақ тілін ғылым тілі ретінде жетілдіру тәсілдері қарастырылуға тиіс» [10, 8]. Осыған орай, қазақ тіліндегі кәсіби терминология, академиялық жазылым мәселелерімен бірге сапалы оқулық, әдістемелік тұрғыдан да жаңашылдықтар қажеттігі айқын. Осыған байланысты отандық зерттеушілеріміздің қазіргі білім беру технологиясындағы озық үлгілері санатындағы тілді қатысымдық әдіс арқылы оқыту (Ф. Оразбаева), тілдік модельдер арқылы оқыту (Ә. Жүнісбек), аксиологиялық бағытта оқыту (З. Ерназарова), жұмсалымдық ұстаным (З. Күзекова, Б. Қапалбек), ана тілінен алған білімін салыстыру арқылы үйрету ұстанымы (Қ.Қадашева, Ұ. Асанова), мән бере оқыту ұстанымы (Ж. Дәулетбекова), жобалай оқыту ұстанымы (А. Сәтбекова), грамматикалық минимумды іріктеу, ірілендіру ұстанымы (Ш.Қапантайқызы), психологиялық кедергіні жеңу арқылы тілді үйрету ұстанымы («Ең оңай III жақ»- Т.Ермекова), кәсіби тілдің минимум жүйесінің коммуникативтік және функционалдық аспектісін ескеру (А. Қоңырова, М.Кульманова), т.т. ұстанымдарды ескерген жөн. Қорыта айтқанда, Қазақстандағы ғылым мен білім беруді дамыту саясаты мен педагогикалық тәжірибеде коммуникация мен кәсіби қызметтің негізгі құралы ретінде қазақ тілінің функционалдық мүмкіндігін белсенді түрде қолдау қажет.

## ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі министрлігі Ғылым комитеті 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында қаржыландырылған АР19678059 «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді деңгейлік оқытудың жүйесі» жобасы аясында жазылды.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ



- 1 Байтұрсынұлы А. Таңдамалы шығармалары. 1-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 649 б.
- 2 Ермекова Т.Н. Мемлекеттік тілді оқыту ісін жүйелейтін жоба // «Туған тіл» журналы. №1 (51), 2023.76-81 бб.
- 3 Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың I отырысында сөйлеген сөзі //16.06.2022. <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-i-otyrysynda-soylegen-sozi-165458>
- 4 Melosik Z. Struggle of languages for domination in science // Edukacja Międzynakulturowa 2023, nr 4 (23) ISSN 2299-4106 DOI: 0.15804/em.2023.04.01. 15-27
- 5 Коршунова Н.Г., Турова Е.А. Англицизмы в немецкоязычных письменных рекламных текстах // «Проблемы романо-германской филологии, педагогики и методики преподавания иностранных языков». Выпуск 16/2020. Стр.142-151.
- 6 Жилюк А.С. Положение немецкого языка и языковая ситуация в Германии // <https://cyberleninka.ru/>
- 7 Mamun M. A. A Content Analysis of the English Language Development Courses in Bangladeshi University English Departments //Journal of Education and Learning. – 2019. – Т. 8. – №. 6. – С. 180-186.
- 8 Christopher J. Pountain (2019) Modern Languages as an academic discipline: the linguistic component, Language, Culture and Curriculum, 32:3, 244-260, DOI: 10.1080/07908318.2019.1661153
- 9 Dinayeva B., Sagindikov I., Ubaydullayeva G. Білім алушылардың қазақ тілін меңгеру деңгейін квалиметриялық тәсілдер арқылы бағалау //Вестник КазНУ. Серия педагогическая. – 2021. – Т. 69. – №. 4. – С. 72-83.
- 10 Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасы // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=38463314](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38463314)

Материал 26.07.2024 баспаға түсті

### **Актуальные проблемы обучения государственному языку в высших учебных заведениях**

Т.Н. Ермекова<sup>1</sup>, Б.С. Капалбек<sup>2</sup>, Д.Ж. Рысқұлбек<sup>1</sup>, С.А.Оданова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, 050000, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Институт развития государственного языка, Алматы, 050000, Республика Казахстан

<sup>3</sup>Казахский национальный технический университет им. К. Сатбаева, Алматы, 050000, Республика Казахстан

*В статье говорится о преподавании государственного языка в высших учебных заведениях Республики Казахстан. Высшие учебные заведения являются одним из основных объектов профессиональной подготовки в стране, государственной языковой политики – центром развития казахского языка как языка науки. Авторы провели опрос преподавателей и студентов национальных вузов и региональных вузов страны и проанализировали результаты с целью выявления проблем в данной сфере. В опросе приняли участие 122 респондента из 16 вузов. Был произведен количественный анализ ответов респондентов и по результатам обследования определены основные проблемы. При определении проблем за основу были взяты мнения и позиции отечественных и зарубежных ученых. Место преподавания государственного языка в вузах, введение в образовательные программы предметов, связанных с казахским языком, уровень владения государственным языком абитуриентов и выпускников и т.д. Определены причины острых проблем и предложены пути их решения. Таким образом, был внесен ряд предложений в целях совершенствования преподавания государственного языка в высших учебных заведениях.*



*Ключевые слова: казахский язык, государственный язык, образовательные программы, профессиональный казахский язык, академический казахский язык, принципы преподавания языка.*

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Байтурсынова А. Избранные произведения. Том 1. - Алматы: Казахский университет, 2022. -649 С.
- 2 Ермекова Т. Н. Проект по систематизации обучения государственному языку // Журнал «Туған тіл».№1 (51), с. 76-81 2023.
- 3 Выступление Касым-Жомарта Токаева на I заседании Национального Курултая //16.06.2022. <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaydyn-i-otyrysyn-da-soylegen-sozi-165458>
- 4 Melosik Z. Struggle of languages for domination in science // Edukacja Międzykulturowa 2023, nr 4 (23) ISSN 2299-4106 DOI: 0.15804/em.2023.04.01. 15-27
- 5 Коршунова Н.Г., Турова Е.А. Англицизмы в немецкоязычных письменных рекламных текстах // «Проблемы романо-германской филологии, педагогики и методики преподавания иностранных языков». Выпуск 16/2020. Стр.142-151.
- 6 Жилюк А.С. Положение немецкого языка и языковая ситуация в Германии // <https://cyberleninka.ru/>
- 7 Mamun M. A. A Content Analysis of the English Language Development Courses in Bangladeshi University English Departments //Journal of Education and Learning. – 2019. – Т. 8. – №. 6. – С. 180-186.
- 8 Christopher J. Pountain (2019) Modern Languages as an academic discipline: the linguistic component, Language, Culture and Curriculum, 32:3, 244-260, DOI: 10.1080/07908318.2019.1661153
- 9 Dinayeva B., Sagindikov I., Ubaydullayeva G. Оценка уровня владения казахским языком обучающимися с помощью квалиметрических подходов // Вестник КазНУ. Серия педагогическая. - 2021. - т. 69. -№. 4. - С. 72-83.
- 10 Концепция развития языковой политики в Республике Казахстан на 2023 – 2029 годы // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=38463314](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38463314)

Материал поступил в редакцию журнала 26.07.2024

### **Actual problems of teaching the state language in higher educational institutions**

T. Yermekova<sup>1</sup>, B. Kapalbek<sup>2</sup>, D. Ryskulbek<sup>1</sup>, S. Odanova<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Kazakh National Women's teacher training University, Almaty, 050000, Kazakhstan

<sup>2</sup>Institute of State Language Development, Almaty, 050000, Kazakhstan

<sup>4</sup>Kazakh National Technical University named after. K. Satbaeva, Almaty, 050000, Kazakhstan

*Higher educational institutions in Kazakhstan play a crucial role in professional training and are key to advancing the state language policy, particularly in promoting the Kazakh language as a language of science. The authors conducted a survey of teachers and students from national and regional universities across the country, with 122 respondents from 16 universities participating. The study employed both quantitative and qualitative analysis of the responses to identify key challenges in this area. The findings were grounded in the perspectives of both domestic and international scholars. Key issues examined include the role of the state language in universities, the integration of Kazakh language-related subjects into educational programs, and the language proficiency levels of applicants and graduates. The root causes of these problems were identified, and recommendations for improvement were proposed. As a result, several suggestions were made to enhance the teaching of the state language in higher education institutions.*

*Key words: Kazakh language, state language, educational programs, professional Kazakh language, academic Kazakh language, principles of Language Teaching.*

## REFERENCES

- 1 Bajtürsynüly A. Tandamaly shygarmalary. 1-tom [Selected works. Volume 1 ]. Almaty: QazaQ universiteti, 2022. -649 b [Almaty: Kazakh University, 2022. -649].
- 2 Ermekova T.N. Memlekettik tildi oqytu ısn zhüieleitin zhoba [A project to systematize the teaching of the state language] // «Tugan til» zhurnaly.№1 (51), 2023.76-81 bb ["Tugan til" magazine. No. 1 (51), 2023.76-81]
- 3 Qasym-ZHomart Toqaevtyn Ülttyq qüryltaidyn I otyrasynda söilegen sözi //16.06.2022. <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-ulttyk-kuryltyady-n-i-otyrysynda-soylegen-sozi-165458> Kasym-Jomart Tokayev's speech at the I st session of the National Congress 16.06.2022. <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-ulttyk-kuryltyady-n-i-otyrysynda-soylegen-sozi-165458>
- 4 Melosik Z. Struggle of languages for domination in science // Edukacja Międykulturowa 2023, nr 4 (23) ISSN 2299-4106 DOI: 0.15804/em.2023.04.01. 15-27
- 5 Korshunova N.G., Turova E.A. Anglicizmy v nemeckoyazychnyh pis'mennyh reklamnyh tekstah [Anglicisms in German-language written advertising texts] «Problemy romano-germanskoj filologii, pedagogiki i metodiki prepodavaniya inostrannyh yazykov». Vypusk 16/2020. Str.142-151 [“Problems of Romano-Germanic philology, pedagogy and methods of teaching foreign languages.” Issue 16/2020. pp.142-151]
- 6 Zhilyuk A.S. Polozhenie nemeckogo yazyka i yazykovaya situaciya v Germanii [The position of the German language and the linguistic situation in Germany] <https://cyberleninka.ru>
- 7 Mamun M. A. A Content Analysis of the English Language Development Courses in Bangladeshi University English Departments //Journal of Education and Learning. – 2019. – T. 8. – №. 6. – S. 180-186.
- 8 Christopher J. Pountain (2019) Modern Languages as an academic discipline: the linguistic component, Language, Culture and Curriculum, 32:3, 244-260, DOI: 10.1080/07908318.2019.1661153
- 9 Dinayeva B., Sagindikov I., Ubaydullayeva G. Bilim alushylardyn qazaq tilin mengeru dengeim kvalimetriyalyq tasilder arqyly baǵalau [Assessment of the level of knowledge of the Kazakh language by students using qualitative methods] //Vestnik KazNU. Seriya pedagogicheskaya. – 2021. – T. 69. – №. 4. – S. 72-83 [Vestnik KazNU. The series is pedagogical. - 2021. - Vol. 69. - no. 4. p72-83.]
- 10 Qazaqstan Respublikasynda til sayasatyn damytudyn 2023 – 2029 zhyldarǵa arnalǵan Tüzhyrymdamasy [Concept of language policy development in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029] [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=38463314](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38463314)

Received: 26.07.2024